

Д. Жекенов , С. Джакубаева , М. Азнабакиева 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: duman.zhekenov@gmail.com

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ ДАҒДАРЫС ЖӘНЕ ЖАҢА ӘЛЕМДІК ТӘРТІП: ҚЫТАЙ ДӘУІРІ

Халықаралық қатынастарда соңғы уақыттарда қалыптасып отырған жағдай әлемдік тәртіп мәселесін қайта қарау керектігін күн тәртібіне қойып отыр. Халықаралық қатынастардағы жаңа тәртіптің бәрі ірі соғыстар, экономикалық дағдарыстар мен ұзаққа созылған күштер арасындағы тартыстардан шаршаған кезде, жалпы адамзаттың көп бөлігіне ортақ келісімдерге келу негізінде орнаған еді. Бірақ, COVID-19 ешкім күтпеген жаңа сценарий ұсынып отыр. Әрине, коронавирус пандемиясы да соғыс, биологиялық соғыс деген алып-қашпа көзқарастарды айтып жүргендер жеткілікті. Бірақ бұл көзқарастың әлі де болса еш ғылыми негізі жоқ. Пандемиядан кейінгі уақытта әлемдік тәртіпке көп өзгерістер келетіндігін барлығымыз мойындап отырмыз. Бірақ, жаңа әлемдік тәртіптің ендігі көшбасшысы кім? Бұл сұрақтың жауабына байланысты әр түрлі көзқарастар жеткілікті, бірақ бір нәрсе анық – ешбір мемлекет заманның жаңа сын-қатерлеріне жалғыз өзі төтеп бере алмайды. Барлық мемлекеттер бірлесе жұмыс атқаруы керек. Дегенмен, Қытай Халық Республикасы сияқты «сыртқы саясаттағы негізгі ұстанымы ешкіммен одақтаспау» болып келетін мемлекеттердің ендігі қадамдары қандай болмақ?

Халықаралық қатынастардағы орын алып отырған экономикалық дағдарысты зерделеуде объективтілік принципі, халықаралық қатынастарды зерттеудің теориялық-әдістемелік негізі ретінде жүйелік тәсілі, мемлекеттердің сыртқы саяси-экономикалық қатынастарын зерттеуге бағытталған тарихи-сараптамалық әдіс пайдаланылды.

**Түйін сөздер:** жаңа әлемдік тәртіп, әлемдік дағдарыс, COVID-19, Қытай Халық Республикасы, Батыс-Шығыс бәсекелестігі.

D. Zhekenov, S. Jakubayeva, M. Aznabakiyeva

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: duman.zhekenov@gmail.com

### **Crisis in the system of international relations and the new world order: the Chinese age**

The article is dedicated to determine the new challenges in the context of crisis in international relations system and to find out the new world order. According to the opinion of researchers the strengthening of one powerful state leads to the retreating of another. But this process is necessarily regulated by political, economic and even military conflicts, as a result, a new world order will be established and its leader will be determined. But COVID-19 offers a new scenario that no one expected. Of course, there are those who say that the coronavirus pandemic is a war, a biological war. However, this view still has no scientific basis. That is, the legitimacy of the above-mentioned world order is violated. It is not surprisingly that in the aftermath of the pandemic there will be many changes in the world order. But who will be the new leader of the new world order? There are a lot of predictions to that question, but one fact is clear, there is no country, that can win this fight on its own. This virus doesn't spare anyone, all states must work together to win this epidemic.

The principle of objectivity in the study of the current economic crisis in international relations, the systematic approach to the study of international relations as a theoretical and methodological basis, the historical-analytical method aimed at studying the foreign policy and economic relations of states, the diversity of data and information required the use of sorting methods.

**Key words:** New World Order, World Crisis, COVID-19, People's Republic of China, West-East Competition.

Д. Жекенов, С. Джакубаева, М. Азнабакиева

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,  
e-mail: duman.zhekenov@gmail.com

### Кризис в системе международных отношений и новый мировой порядок: эпоха Китая

Ситуация, сложившаяся в международных отношениях, в последнее время ставит на повестку дня вопрос о необходимости пересмотра мирового порядка. Весь новый порядок в международных отношениях был основан на достижении общего соглашения с большинством человечества, уставшего от крупных войн, экономических кризисов и затяжной борьбы за власть. Однако COVID-19 предлагает новый сценарий, которого никто не ожидал. Конечно, есть те, кто считает, что пандемия коронавируса – это война, биологическая война. Но до сих пор нет научной основы этого высказывания. Мы все признаем, что после пандемии в мировом порядке произойдет много изменений. Но кто является новым лидером нового мирового порядка? Существует много разных взглядов на ответ на этот вопрос, но ясно одно – ни одно государство в одиночку не может противостоять новым вызовам нашего времени. Все государства должны работать вместе. Однако какими будут следующие шаги таких стран, как Китайская Народная Республика, чей «главный принцип во внешней политике – ни с кем не вступать в союз»?

При изучении экономического кризиса в международных отношениях были использованы принцип объективности, системный подход как теоретико-методологическая основа для изучения международных отношений, историко-аналитический метод, направленный на изучение внешнеполитических и экономических отношений государств.

**Ключевые слова:** новый мировой порядок, мировой кризис, COVID-19, Китайская Народная Республика, конкуренция Запад-Восток.

### Кіріспе

Халықаралық қатынастардағы жаңа тәртіптің бәрі ірі соғыстар, экономикалық дағдарыстар мен ұзаққа созылған күштер арасындағы тартыстардан шаршаған кезде, жалпы адамзаттың көп бөлігіне ортақ (бірақ уақытша) келісімдерге келу негізінде орнаған еді. Отыз жылдық соғыстан кейін, Вестфаль бейбіт келісімінен кейін, Вена конгресінен кейін, Ялта келісімінен кейін дәл осы тарихи заңдылық қайталанып отырды.

1945 жылдан бері халықаралық тәртіпте құқықтық негізде үлкен өзгеріс бола қойған жоқ. Әрине биполярлы әлем 1991 жылы Кеңестер Одағы ыдырағаннан кейін бірполярлыққа ауысты. Американың жалғыз көшбасшылық дәуірі басталды. Шындығында Америка дәуірі 1945 жылы II дүние жүзілік соғыстан пайдамен шыққан жалғыз мемлекет болған күннен басталған еді. Содан бері әлемдік тәртіп мәселесіне қатысты пікір білдірген саясаткерлер мен сарапшылардың барлығы дерлік әлемдік тәртіп өзгеруі үшін соғыс (экономикалық, әскери, мәдени т.б.) болуы міндетті деп келген еді.

Кез келген ірілі-ұсақты мемлекеттердің тарих сахнасында ертелі-кеш өмір сүруі, өз артына өзіне лайықты өркениет қалдырады деген сөз. Ұлы империялар мен алпауыттар (державалар) жалпы адамзат өркениетінің даму жолына тікелей әсер ететіндігі сөзсіз. Алпауыт мемлекеттердің бірі күшейіп, екіншісі сәйкесінше әлсіреп, тіпті та-

рих сахнасынан жойылып отыратындығы заңдылық. Бірақ, Imad Fawzi Shueibi атты ғалымның пікірі бойынша Ұлы империялық мемлекеттің қартаюынан жойылмайды. Империяның орнында әлсіз, тіпті кішкене ғана мемлекет қалса да, сол ұлттың, сол империя құрған мемлекет тұрғындары ұрпақтарының санасында, өмір сүру ұстанымдарында эмпирикалық ойлау сақталады және қолайлы жағдай туа қалған жағдайда қайта жаңғырады деген көзқарас білдіреді. Осы аргументтерді айта келіп автор, Қытай мен Ресей сияқты мемлекеттердің XX ғасыр соңында әлемдік сахнада өз ықпалдарын жоғалтуы уақытша екендігін және XXI ғасыр басында осы мемлекеттер қайта күш алуына қолайлы жағдайлар қалыптасып келеді дегенді айтады. Оған қоса, Америка дәуірінің аяқталып келе жатқандығын алға тартады. Әлемдік тәртіп мәселесінде осы екі мемлекет міндетті түрде араласуы керек деген ұстанымын жеткізген. Ұлттық кодтың сақталатындығына біз де келісеміз. Бірақ аталған автор, Қытай мен Ресей Федерациясын ғана осындай мемлекеттердің қатарына жатқызуына өз қарсылығымызды да білдіргіміз келеді. Егер, эмпирикалық ойлау ұлт санасында сақталатын болса, Ұлы Түрік қағанаты, Монғол империясы, Алтын Орда мемлекетінің мұрагерлерінде де осы сана сақталады деген сөз. Тек бұл мемлекеттердің мұрагерлерінде эмпирикалық ойлау санасының оянуына қолайлы саяси жағдайдың уақытысы келмеген болар.

Бұл автор да белгілі-бір қуатты мемлекеттің күшеюі, екіншісінің кері шегінуіне әкеледі. Бірақ бұл үдеріс (процесс) міндетті түрде, саяси-экономикалық тіпті әскери қақтығыстар нәтижесінде реттеледі. Нәтижесінде жаңа әлемдік тәртіп орнайды және оның көшбасшысы анықталады деген пікір білдіреді (Мақаланың 2012 жылы, яғни қазіргі COVID-19 пандемиясының әсерінен туып отырған жаһандық экономикалық дағдарыстан көп бұрын жарық көргендігін ескерткіміз келеді). Бірақ, COVID-19 ешкім күтпеген жаңа сценарий ұсынып отыр. Әрине, коронавирус пандемиясы да соғыс, биологиялық соғыс деген алып-қашпа көзқарастарды айтып жүргендер жеткілікті. Бірақ бұл көзқарастың әлі де болса еш ғылыми негізі жоқ. Яғни, жоғарыда айтқан әлемдік тәртіп орнатудың заңдылығы бұзылып отыр. Пандемиядан кейінгі уақытта әлемдік тәртіпке көп өзгерістер келетіндігін барлығымыз мойындап отырмыз. Бірақ, жаңа әлемдік тәртіптің ендігі көшбасшысы кім?

### **Зерттелу деңгейі**

Коронавирус басталғалы бері google-да ең көп терілген сөздер осы тақырыпқа қатысты. Бұхаралық ақпарат құралдарының бәрі үздіксіз осы оқиға туралы жарыса жазуда. Пандемия басталған алғашқы уақыттарда ақпараттар тек қанша адам жұқтырды, қанша адам жазылды, қанша адам қайтыс болды деген сипатта еді. Пандемиямен күрес бір күндік, бір апталық немесе бір айлық емес екендігін түсінгелі бері ақпараттар легі пандемиядан келетін шығындар мен экономикалық дағдарыстар туралы жаза бастады.

Халықаралық қатынастар саласының мамандары да алғашқы үрей кезеңінен өтіп, сапалы сараптамалық мақалалар жазуға кірісті. Дегенмен, тақырыпқа қатысты кешенді зерттеулер жоқ. Себебі түсінікті. Әлі де болса бұл дағдарыстың соңы көрінген жоқ, қалыптасқан жүйелер қалай өзгертіндігі де толықтай түсінікті емес. Сондықтан тақырыпты терең зерттелген деп айта алмайтынымыз түсінікті. Дегенмен, The Guardian, El Pais, CNN, Bloomberg Business, Euronews сияқты беделді басылымдарда ықпалды саясаткерлер мен сарапшылардың пікірлері мен сарапшылардың кішігірім мақалалары жариялана бастады.

Гарвард Университетінің халықаралық қатынастар теоретигі Стивен Уолт, Қытай пандемия нәтижесінде табысқа жетуі мүмкін екендігін мойындайды. Өзінің Foreign Policy журналына

берген сұхбатында: «Коронавирус әлемнің геосаяси орталығын Батыстан Шығысқа ауысуын тездетеді. Оңтүстік Корея, Сингапур сияқты мемлекеттер, демократиялық басқару формасын сақтай отырып, жақсы жетістіктерге жетті. Қытай тез арада өзінің алғашқы қателіктерінен сабақ ала білді. Ал Еуропалық елдер мен АҚШ-тың қадамдары, жалпы пандемияның соңғы нәтижесі Батыс әлемінің халықаралық ықпалын қатты әлсіретуі мүмкін», – деген пікір білдірген (Walt, 2020). Сонымен қатар, Түркиялық саясаттанушы-эксперт Онер Синан Гюзалдың «The New World Order after the coronavirus» (Güzaltan, 2020) атты мақаласында, тәуелсіз халықаралық сарапшылар мен саясаткерлер өздерінің пікірлерін жариялайтын UWI платформасында жарияланған «The World after coronavirus: the new Chinese century» (The world., 2020) мақалада, The Guardian басылымының дипломатиялық баспа хатшысы Патрик Уинтоурдың «Coronavirus: who will be winners and losers in new world order?» (Wintour, 2020) атты мақаласында тақырыбымызға қатысты ерекше көзқарастар бар.

### **Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері**

Халықаралық қатынастар жүйесінде басталып келе жатқан түбегейлі өзгерістерді талдау және мүмкін болатын бағыттарын анықтау мақаланың негізгі мақсаты болып табылады. Бірақ біздің нысанамыз тек коронавирус нәтижесіндегі дағдарыс қана емес, осы уақытқа дейін де саясаткерлер арасында қызу талқыланып жүрген Жаңа әлемдік тәртіп мәселесі болғандықтан, дағдарысқа дейінгі осы тақырыпқа сараптама жасаған бірнеше ғалымдардың да пікірлерін саралауға тырыстық. Жаңа әлемдік тәртіп толықтай өзгермесе де, оған өзгерістердің керек екендігі көптен бері саясаткерлер мен саясаттанушылар арасында айтылып жүрген мәселе.

2019 жылы мамыр айында Ресей ғылым академиясының ғылыми қызметкері Қытай жаңа әлемдік тәртіп орнату жолында қарқынды жұмыс істеуде деген көзқарас білдірген еді. Негізгі аргументтерінің бірі қытайдың тұрақты экономикалық даму әлеуеті және әлемнің барлық жерлерінде қытайдың экономикалық ықпалының артуы, қытай инвестициясына тәуелді мемлекеттер қатарының көбеюі дегенге саяды. Сонымен қатар, 2008-2009 жылдары болған әлемдік экономикалық дағдарыстан қиналмай, керісінше дағдарыс жағдайын жаңа мүмкіндіктерге айналдыра білгенін алға тартады. Бұл уақытта автор COVID-19 пандемиясы туралы, оның

нәтижесіндегі саяси және экономикалық дағдарыстар туралы тіпті де болжай алмаған еді. Сонда да автор Қытай экономикалық дамудың жаңа рельсіне нық тұрды және Халықаралық экономикалық қатынастардың орталығы Қытай болатын жүйе құрып келе жатқандығын айта келіп, негізгі кемшілікті Қытай билігі әлі де болса әлемдік экономиканың орталығы болу (*Grand strategy of being the economic center of the World*) рөліндегі өзінің нақты стратегиялық жоспары жоқ екендігін айтады (Лексютина, 2019).

Қытайдың Жаңа әлемдік тәртіп жүйесіндегі орны туралы жаһанның барлық саясаттанушылардың зерттеулерінде айтылып келеді. Әрине, көптеген батыстық ғалымдар Қытай әлі де болса жаһандық көшбасшы болуға дайын емес деген пікірде. Бірақ, Қытайды көшбасшы көретін және өздерінің зерттеулерінде оны дәлелдеуге түрлі дәйектер көрсететін сарапшылар тобы да жоқ емес. Мәселен бұлардың қатарында, Даниэль Вагнер (Wagner, 2019), Надеже Ролланд (Rollund, 2020), Венгрия қорғаныс министрі Эндре Еценази (Szénási, 2019) сияқты танымал тұлғалар бар.

Мақаланы жазу барысында алдымызға төмендегідей міндеттер қойып отырмыз:

Пандемия әсерінен көрініс беріп отырған Еуропалық Одақ ішіндегі саяси және экономикалық дағдарыстарды талдау;

Қытай Халық Республикасы мен Америка Құрама Штаттарының пандемиямен күрес жолындағы нәтижелерін салыстыра отырып, олардың мемлекеттік басқару формаларындағы ерекшеліктердің дағдарыспен күреске әсерін бағалау;

Пандемияның Қазақстан Республикасына әсері және Қазақстанның алдындағы қиыншылықтар мен мүмкіндіктерді анықтау.

### **Теориялық-методологиялық базасы**

Мемлекеттің сыртқы саясаты мен халықаралық сахнада ең алдымен өз ұлттық мүдделерін басшылыққа ала отырып іс-әрекет жасайтын ҚХР-дың қазіргі жаһандық тәртіп орнатуға ұмтылысын зерттеу барысында саяси-реализм немесе неореализм теориясы қолданылды. Алдыңғы буын қытай басшылары мемлекеттерді халықаралық саясаттың негізі ретінде қарастыру концепциясын сақтап қалған еді. Саяси-реализм немесе неореализм теорияларын қолдану барысында, осы теорияны жақтаушы, АҚШ-тың қытайға ең алғаш ресми сапармен барған президенті Р. Никсон заманынан бері американдық ұлттық қауіпсіздік қызметінде кеңесші қызметін,

одан бері де көптеген АҚШ президенттерінің сыртқы саясаттағы идеологы қызметін атқарған, бейбітшілік үшін Нобель сыйлығының иегері Генри Киссенджердің «World order» (Kissinger, 2015) және «On China» (Kissinger, 2012) атты еңбектеріндегі теориялық тұжырымдамаларды, З. Бжезинскийдің «Ұлы шахмат тақтасы» (Brzezinski, 1998) атты еңбегіндегі теориялық ұстанымдарды мақаланы жазуда негізгі басшылыққа алдық. Жоғарыда аталған екі ғалымның көрсетілген кешенді еңбектерімен қатар, соңғы кездерде жарияланған мақалалары біздің мақаламызға тікелей қатысты теориялық көзқарастарға толы. Мәселен З. Бжезинскийдің ең соңғы «How To Address Strategic Insecurity In A Turbulent Age» атты мақаласында, Жаңа әлемдік тәртіпте АҚШ, ҚХР және РФ бірлесіп, өзара қақтығыстардан бас тарта отырып, тең дәрежеде қимылдау керек», – деген пікір білдіреді (Brzezinski, 2017). Ал біз осы мақаламызды жазуға кіріскенде, Генри Киссенджер өзінің «The Coronavirus Pandemic Will Forever Alter the World Order» атты мақаласын жариялап, өзінің пандемиядан кейінгі әлемдік тәртіптің толықтай өзгеретіндігі туралы пікірін білдірді (Kissinger, 2020). Саясаттың «ұлы құрылысшысы» бұл жолғы мақаласында, Қытай туралы бірде-бір сөз қозғамайды. Ешбір мемлекет, тіпті АҚШ жеке өзінің қуаты арқылы бұл күреспен жеңіске жете алмайды. Барлық мемлекеттер бұл індетпен күрес жолында бірігіп қимылдауы керек.

Халықаралық қатынастардағы орын алып отырған экономикалық дағдарысты зерделеуде объективтілік принципі, Халықаралық қатынастарды зерттеудің теориялық-әдістемелік негізі ретінде жүйелік тәсілі, мемлекеттердің сыртқы саяси-экономикалық қатынастарын зерттеуге бағытталған тарихи-сараптамалық әдіс пайдаланылса, зерттеу тақырыбына қатысты деректер мен ақпараттардың сан қырлылығы сыни тұрғыдан талдау, жинақтау және сұрыптау әдістерін қолдануды қажет етті. Аталған әдістер жинақталған мәліметтерді жүйелі пайдалануға, ақпараттарды өзара салыстыру арқылы шыннайылық деңгейін арттыруға көмектесті. Мерзімді басылымдардағы ақпараттарды талдауға, авторлардың көзқарастарын бағалауға, баспасөз беттерінде соңғы қалыптасқан пікірлерді жүйелеуге бақылау әдісі көмектесті. Сол сияқты мемлекет басшыларының ресми баяндамаларын, қоғам қайраткерлерінің БАҚ беттеріндегі сұхбаттарын және мемлекетаралық, халықаралық, аймақтық келісім-шарттарды саралауда контент-анализ әдісі қолданылды.

### Ойталқы және нәтижелер

**Еуропалық дағдарыс.** Коронавирус әлемдік тәртіптің көп әлсіз тұстарын көрсетіп берді. Еуропа өзінің біртұтас емес екендіктері туралы айта бастады. Барлық басқа аймақтарға көптеген жылдардан бері үлгі ретінде насихатталып келген, еуропалық интеграция дәрменсіздігін, мәселені еуропалық деңгейде тұтастай шешуге қауқарсыз екендігін көрсетті. Сербия Президенті Vučić's өз сөзінде «Еуропалық біртұтастық (солидарность) тек қағаз жүзінде өмір сүреді деп ресми мәлімдеді. Сонымен қатар, әлемдік тәртіптің қазіргі көшбасшысы АҚШ-ты сынға ала келіп, Сербия жалғыз Қытай Халық Республикасынан көмек алып отырғандығын, сол үшін, өз атынан және Сербия халқының атынан Қытайға шексіз алғысын жеткізген болатын (Walt, 2020).

Еуропалық Одақтың мүшесі Италия пандемиямен күресіп жатқанда, Еуро Одаққа мүше басқа мемлекеттің басшылары және Еуро Одақтың ресми басшылары мәселені шешумен кешенді айналысуды емес, өз мемлекеттерін қалай қорғап қаламыз деген мәселеге бастарын қатырды. Италияға алғаш көрсетілген ірі көлемдегі гуманитарлық көмек Қытай Халық Республикасынан келді. Қытай бұл ретте тек медициналық керек-жарақтар мен материалдық көмектен басқа өз дәрігерлерін де көмек ретінде Италияға жіберді. Италия халқы ҚХР көмегіне құрмет ретінде көптеген қалаларындағы пәтерлердің терезелерінде Қытайдың туын бірнеше күн іліп қойды (Wagner, 2019).

Коронавирус Италиядан шығып тұтас Еуропаны шарпи бастағанда ғана пандемиямен күресті бірлесіп жасау керектігі талқылана бастағанымен, әлі де болса нақты шешуші шешімдер қолға алынған жоқ. Мемлекеттер жеке-жеке ұлттық мемлекет ретінде, еуропалық интеграцияға дейінгі кездегідей, әркім өз қиыншылығымен өз әлінше күресуге көшті. Бұл Еуропалық Одақтың терең дағдарыста екендігін нақты көрсетіп берді.

Халықаралық және аймақтық ұйымдар да мұндай қауіп-қатермен күресте тиімсіз болып шықты. БҰҰ төрағасы А. Гутерриш пандемия адамзаттың ортақ жауы, жеңіске тек бірігіп күрескенде жетеміз деген мәлімдемелерін жасап жатқандығына қарамастан, нақты көзге көрінетін қадамдар жоқ. The Guardian басылымдарының бірінде БҰҰ Бас хатшысының пікірін былай деп береді: «Әлемдік ірі державалар арасындағы қатынас дәл бүгінгі күнге дейін осындай мейірімсіз күйде болмаған еді. COVID-19 біздің алдымызға екі жол ұсынып тұр. Не біз шыны-

мен толықтай біртұтас жүйеге айналамыз, не біз жеңілеміз» (Wagner, 2019).

АҚШ Президенті өз сұхбаттарының бірінде, Twitter парақшасында АҚШ Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымына жыл сайын қомақты қаржы аударатындығын, ал ДСҰ өз кезегінде аударылған қаржыға сәйкес жұмыс жасамай отырғандығын айтып, ДСҰ жұмысын сынға алды. ДСҰ өз қаражаттарына және басқа да мемлекеттердің қаражаттарына істелген істерге ашық есеп беруін және пандемиямен күресте нақты пайдалы қадамдарды күтетіндігін мәлімдеді (Trump, 2020). Яғни, коронавирус халықаралық және аймақтық ұйымдардың да жаңа қауіп-қатерлермен күрес жолында тиімсіз екендігін көрсетті. Барлық ұйымдар пандемиядан кейін өздерінің құрылымдары мен мақсаттарын, қызметтерін толықтай реформалау керектігі түсінікті болды.

Кейбір сарапшылардың пікірінше, COVID-19 пандемиясынан қатты зардап шеккен мемлекеттерде ұсақ қақтығыстар орын алады және бірнеше жылдарға созылатын тұрақсыздықтар басталады. Ең қызығы, бұл мемлекеттер Батыс Еуропаның жетекші мемлекеттері болуы мүмкін. Пандемия нәтижесінде болатын экономикалық дағдарыстан шығу үшін бұл мемлекеттерге Жаңа қалыптасқан (бәлкім жаңа келбетке ауысқан) әлемдік көшбасшылардан көмек керек болады. Танымал сарапшылардың көпшілігі бірінші кезекте Батыс Еуропаның экономикасына көмекке келетін мемлекет ретінде Қытай Халық Республикасын көреді. Олардың мұндай көзқараста болуына Қытайдың Пандемиямен күрестегі жетістіктері, басқа мемлекеттерге көрсетіп отырған гуманитарлық көмектері әсер етіп отырғандығы сөзсіз.

Еуропалық геосаяси эксперттердің тағы бір тобының көзқарастары бойынша, пандемия Жаһандық көшбасшылықтың бәсеке алаңына айналды. Қай мемлекет тиімді, жемісті жұмыс атқарады, сол мемлекеттің беделі арта түседі. Халықаралық қатынастардың жүйесінде «глобализм» болса, еуропалық мемлекеттер бірігіп күресу керек. Егер ұлттық суверенитет басымдылық алатын болса, біз жеке-жеке қорғанып, көршіміздің қалай қиналып жатқанын тек бақылап қана отырамыз. Өкінішке орай, пандемиямен күрестің алғашқы кезеңі екінші сценарийді көрсетіп отыр (Wagner, 2019).

Тағы бір анық айқындалған мәселе, АҚШ пен Еуропалық Одақ арақатынасына салқын түсуі. Еуропалық көптеген еңбек демалысындағы саясаткерлердің әлеуметтік парақшаларында

Еуропаның досы делінген АҚШ қайда? – қысқа сыни пікірлер жариялануда. Әрине, қос тарап бір-біріне деген көңіл толмаушылықтарын ресми мәлімдемегендерімен, қалыптасып отырған жағдайдан АҚШ пен ЕО арасынан алшақтап бара жатқандығын нақты көруге болады. Бұл да болса Қытайдың өз ықпалын Еуропа аймағында бекіте түсуіне қосымша қолайлылық тудыратын фактор. Соңғы уақыттары тиімділігі сынға алынып, астарынан саяси-экспансиялық әрекеттер қарастырыла бастаған қытайлық «Бір Белдеу – Бір Жол» халықаралық жобасынан қайта жандануына да тараптардың барлығы мүдделі.

**Қытайлық мүмкіншілік.** Коронавирус алғаш тіркелген Ухань қаласы орналасқан Хубей провинциясында 65 млн-ға жуық халық тұрады. Яғни, Еуропадағы қатты зардап шеккен Италияның жалпы халық санымен шамалас. 1,5 млрд-қа жуық халқы бар және тығыз орналасқан ҚХР бұл қиыншылықпен күресте шынымен таң қаларлық нәтижелерге қол жеткізді. Әрине, Қытай жоғары билігі коронавирустың шығындарын бірнеше есе азайтып көрсетіп отыруы да мүмкін. Ондай пікірді АҚШ президенті де бірнеше мәрте айтқан болатын. Бірақ сол алпауыт АҚШ-тың өзі ҚХР-дан вируспен күреске қарсы көмек алғанын мәлімдеп, Д. Трамп ресми мәлімдемесінде Си Цзиньпинге алғысын білдірді.

Біз келтірген дәйектердің барлығы халықаралық қатынастардың жаһанданулық (глобалистік) формуласына қайта қарау керектігін көрсетті. Мемлекеттік басқарудың ұлттық суверенитетке басымдылық берілетін формасының тиімді жерлерін көрсетті. ҚХР, Жапония, Оңтүстік Корея сияқты пандемия алғаш қарқынды тараған мемлекеттер ең бірінші кезекте мемлекеттік басқару формаларының ерекшелігі арқасында тез арада күресте жеңіске жетті. 2020 жылдан бастап, осы Азиялық мемлекеттер, әсіресе Қытай тек қана әлемнің экономикалық орталығы ғана емес, құндылықтар қазығына айналады деген пікірлер айтыла бастады. Қытай сияқты қимылдаған мемлекеттер тірі қалады (Those who behave like a China will survive).

Көпшілік қазірдің өзінде Шығыс әлемінің жеңіске жеткендігін айтып жатыр. Германияда қызмет атқаратын корейлік танымал философ Бьюнг Чул Хан өзінің «El Pais» басылымында жарияланған мақаласында, бұл індетпен күресте жеңімпаздар ретінде, Жапония, Оңтүстік Корея, Тайвань, Сингапур сияқты Азиялық мемлекеттерді атайды. Жеңіске жетудің негізгі себебін, бұл мемлекет халықтарының дәстүрлі танымдары мен мемлекеттік басқару жүйесінен

іздейді. Еуропалықтарға қарағанда Азиялықтар наразылықтан гөрі тыныштықты жақсы көреді және Еуропалықтарға қарағанда мемлекеттік билікке (қандай формада болмасын) көбірек сенеді. Сонымен қатар, Азияда пандемиямен тек вирусологтар, эпидемиологтар, медицина қызметкерлері ғана емес, компьютерлік ғылымдар, ақпараттық технология мамандары да өте тиімді күресуде деген пікір білдіреді. «Қытай IT саласындағы өзінің халықаралық беделін тағы бір сатыға көтерді» (Нап, 2020)

Индияның Ашока университетінің профессоры Шившанкар Менон: «Шынайы демократия бар жерде ғана жақсы нәтижелер бар. Ондай мемлекеттер Оңтүстік Корея мен Сингапур», – деп пікір білдіріп, Еуропалық елдердің демократиялық басқару жүйесін қатты сынға алып, оны популизмге толы әлсіз басқару жүйесі деп сынға алады.

Америкалық танымал геосаясаткер Франсэс Фукуяма: «Пандемия кесірінен туындаған дағдарыспен күрес жолындағы маңызды нәрсе мемлекет басқару жүйесі емес, мемлекеттің мүмкіншілігі, әлеуеті. Ең маңызды фактор халықтың мемлекеттік билікке деген сенімінде» – екендігін айтады (Wagner, 2019).

Азиялық халықтардың менталитеті қиын кезде орталық билікке сенгіш және соның жолында адал қызмет еткіш келеді (мемлекеттік билік қандай формада болмасын). Жалғыз ғана мысал, Қытайда коронавируспен ауырған Жапония азаматы өз еліне қайтудан саналы түрде бас тартқан. Негізгі мақсаты жаман вирусты өз еліне тасымалдауға жол бермеу.

Сонымен, Шығыс елдері Жаһандық жаңа тәртіп мәселесінде жеңіске жетсе, ол мемлекеттердің қатарында жалғыз Қытай Халық Республикасы емес, Жапония, Оңтүстік Корея және бірқатар Азиялық барыстар болуы мүмкін. Бірақ, Қытайдан басқасы экономикасы қанша айтқанмен экспортқа тәуелді мемлекеттер. Егер, Батыс елдеріндегі дағдарыс ұзаққа созылып, нәтижесінде экономика қатты зардап шегетін болса, дағдарыстың экономикалық толқыны Батыс елдерімен экономикасы тығыз байланысты бұл мемлекеттер де экономикалық дағдарыспен бетпе-бет келетіні сөзсіз. Ал Қытай экономикасы әлемдік елдермен өзара тәуелді екендігіне қарамастан, бұл елдің экономикасы экспорттан гөрі импортқа негізделген. 2008-2009 жылдары болған халықаралық экономикалық дағдарыс кезінде, дағдарыстан мүмкіншілік жасай білген бірден-бір мемлекет Қытай Халық Республикасы.

Әрине, пандемияны таратушы мемлекет ретінде Қытайды ресми кінәлайтын және ол үшін Қытай мемлекеті жауапты болуы керек дейтіндер де бар. ЕО COVID-19-бен күрес жолында әлі де болса біріге алатынына сенетіндер де аз емес. Бірақ, Қытай осы бір сәтті пайдаланып, «Денсаулық Жібек жолы» (Health Silk Road) жобасын қолға алды. «Бір Белдеу – Бір Жол» жобасын Қытай экспансиясы деп білетін қаншама саясаткерлер, экономистер, тіпті жоғары лауазымды тұлғалар болғанына қарамастан, қазір бірде-бір мемлекет Қытайдан келетін медициналық тауарлардан бас тарта алмайды. Қытай қазірдің өзінде 6-ақ күнде N95 маскасын шығаратын фабрика салып, халықаралық маска саласының монополисіне айналып үлгерді. Алпауыт АҚШ-тың өзі бұл өнімдерді сатып алып отыр. Оған қоса, Қытайдың гуманитарлық көмектері оның «Health Silk Road» (HSR) жобасын іске асыруға, Еуропадағы Қытайдың жағымды имиджін қалыптастыруға жұмыс жасап жатыр.

Наурыз айының ортасында Қытай басшысы Си Цзиньпин мен Италия премьер министрі Джозеппе Конте арасындағы телефон арқылы болған сұхбат барысында Қытай басшысы «HSR» жобасын іске асыруға ниетті екендігін жеткізді. ЕО-ның пандемиямен күрес жолындағы әрекеттерін қатаң сынға алатын, Д. Конте өз кезегінде бұл бастаманы толықтай қолдайтындығын жеткізген еді (China news, 2020).

АҚШ-тың жаһандық сандық когнитивті стратегі, жасанды интеллект саласының сарапшысы Марк Миневиц: «Егер біз қазір нақты қадамдарға көшпесек, Қытай көшбасшылығындағы Жаңа әлемдік тәртіп жақын арада толық орнайды», – деген пікір білдіреді (Minevich, 2020). Сарапшы, АҚШ өзінің барлық өндірістік қуатын, Қытайдан АҚШ қайтару керек; АҚШ Қытайдың жаңа көшбасшы болуына ашық қарсы тұруы керек. Қытай өзі жасаған дағдарыстан өзі құтқарушы ретінде Ғаламдық көшбасшылыққа ие болуы әділетсіз деп біледі.

### Қорытынды

Қытайдың әлемнің экономикалық орталығы тіпті доноры болуы әлемге және Қазақстан Республикасына не береді?

1. Қытайдың жаһандық көшбасшылыққа қол жеткізуі бірінші кезекте көптен бері талқыланып келе жатқан әлемнің орталығының Батыстан Шығысқа ауысу үрдісін біржолата аяқтайды. Әрине, бұл оқиға бірден бола қояды

деу қиын. Себебі, мақала жазу барысында көз жеткізгеніміздей, батыстық саясаткерлер мен саясаттанушылардың әлі де болса көп бөлігі мұнымен келіспейді және Батыс әлемінің өркениет орталығы болып қала беретініне сенеді немесе солай боларын білсе де, олай болғанын қаламайды. Ал бұлай бола қалған жағдайда, Шығыс мемлекеттері өзара қатынастардағы құқықтық нормаларды халықаралық және аймақтық ұйымдардың көмегімен тез арада реттеуі керек. Тағы бір қоса кететіні жайт, Қытайдың көшбасшылығы бұл аймақтағы Ресей Федерациясына ұнай қоймайтындықтан, Азия аймағында жаңа бәсекелестік міндетті түрде жаңа келбетке енетін болады.

2. Мүмкін болатын экономикалық орталық бізге географиялық тұрғыда жақын орналасатын болады. Бұл өз кезегінде өзінің Орталық Азия мемлекеттері үшін жаңа мүмкіншіліктер кезеңін ашатыны анық.

3. Қытай өзінің экономикалық ықпал ету территориясының қауіпсіздігі мен тұрақтылығы үшін Қазақстан сияқты аймақтық маңызы бар деп табылатын мемлекеттермен жақсы, стратегиялық қатынаста болуға мүдделі болады. Бұл дегеніңіз, жаңа экономикалық бірлескен жобалар, жаңа инвестициялар, жаңа жоғары деңгейдегі стратегиялық ұзақмерзімді келісім шарттар.

4. Қытай экономикалық орталық болған жағдайда, Қытаймен әртүрлі (саяси, сауда-экономикалық, т.б.) қатынастарда халықаралық қатынастардың ірі Батыстық ойыншылары Қытайға көрші әрі геосаяси маңызды аймақтарға өз ықпалдарын арттыруға, сол арқылы белгілі-бір саяси ойындарға ықпал етуге тырысады. Бұл дегеніңіз, Батыстық мемлекеттер де Қазақстан сияқты Қытайға көрші және экономикалық ортақ жобалары бар мемлекеттермен жақсы қарым-қатынастарда болуға мүдделі болады.

4.1. Осы ретте, біздің мемлекет үшін қолайлы саяси кезеңнің пайда болғандығын пайдалана отырып, Қазақстан мен Қытай арасында үлкен стратегиялық мемлекеттік деңгейдегі келісім-шарттарға қол қоюға, Қазақстан мен Қытай арасында бір жақты шешіліп келген, кейбір түйінді мәселелерді шешуге, тіпті Қытаймен стратегиялық одақтас болу (Әрине, қытай сыртқы саясат ұстанымында Қытай билігі белгілі бір мемлекетпен одақтас болуға қарсы, бірақ бұл қатып қалған мәңгілік принцип емес) мүмкіншіліктері туады. Яғни, Қазақстан өзінің Халықаралық сахнада мойындалған көпвекторлы бейбітсүйгіш, бітімгер келбетін сақтай отырып, Сыртқы саясатты жаңа кезеңге көтеруге болады.

4.2. Халықаралық қатынастардың мүмкін болатын мұндай қолайлы ауа райы Қазақстан үшін тағы бір артықшылық бере алады. Қытаймен экономикалық тығыз қатынас орнатқан Еуропалық мемлекеттер үшін, Қазақстан тек қана транзиттік аймақ емес, сенімді стратегиялық серіктес деңгейіне көтеріле алады. Біріншіден, Қазақстанның сыртқы саясат ұстанымдары; екіншіден, Қазақстанда қалыптастып отырған тұрақтылық пен тиімді инвестициялық қолайлылығы, үшіншіден, Қазақстанның экономикалық әлеуеті (шикізаттық әрине) Батыстық мемлекеттердің Орталық Азия аймағында Қазақстанды таңдауы үшін маңызды факторлар екендігі сөзсіз.

Дегенмен, Шығыс әлемі үшін де, Қазақстан үшін де мүмкін болатын қауіп-қатерлер де жоқ емес. *Біріншіден*, Батыс әлемі бұл үдеріске оңайлықпен көне қоймайды. Яғни, мүмкіндігінше бұл үдерісті тоқтатуға, тым болмаса кешеуілдетуге жабылып күш жұмсайтыны анық. Бұл дегеніңіз, егер Шығыс әлемі

өзара бірліктерін сақтай алмаған жағдайда, аймақта тұрақсыздық пен қақтығыстарға жол ашу. *Екіншіден*, әлемде де Орталық Азияда да Қытай экспансиясы мәселесі бар. Қытайдың «Бір Белдеу – Бір Жол» халықаралық жобасын көптеген елдер экономикалық экспансия ретінде қарайды. Әрине оған себептері де жоқ емес. Мәселен, Орталық Азия мемлекеттерінің ішкі экономикасында Қытай компанияларының үлесінің күн санап артуы, жергілікті кәсіпкерлердің де, тіпті қарапайым халықтың да санасына «Қытайдан келетін қауіп» көзқарасын тудырып отырғаны анық. Ал бұған қоса, Қытайдың әлемдік деңгейдегі экономикалық ықпалы одан ары күшеюі, қытайдың экспансиялық саясатын іске асыруға қосымша мүмкіндіктер беретіндігі сөзсіз.

Қалай дегенмен де, коронавирустан кейінгі әлем сөзсіз басқа күйге өзгереді. Адамзат үшін өмір сүру құндылықтары, мемлекеттер үшін басқару құндылықтары, халықаралық қатынас үшін әлемдік тәртіп мәселелері қайта қаралады. *(жалғасы бар....)*

#### Әдебиеттер

- Yana Lexyutin (2019), China creates a new world order // <https://vz.ru/opinions/2019/5/13/977330.html>
- Stephen M. Walt (2020), The United States Can Still Win the Coronavirus Pandemic// <https://foreignpolicy.com/2020/04/03/united-states-can-still-win-coronavirus-pandemic-power/>
- Onur Sinan Güzaltan (2020), The New World Order after the coronavirus// <https://uwidata.com/9654-the-new-world-order-after-the-coronavirus/>
- The World after coronavirus: The new Chinese century (2020), // <https://uwidata.com/8871-the-world-after-coronavirus-the-new-chinese-century/United World International>
- Patrick Wintour (2020), Coronavirus: who will be winners and losers in new world order?// <https://www.theguardian.com/world/2020/apr/11/coronavirus-who-will-be-winners-and-losers-in-new-world-order>
- Daniel Wagner (2019), China's new world order. Xi wants to guarantee supremacy of China throughout this century and beyond// <https://www.sundayguardianlive.com/world/chinas-new-world-order>
- Nadège Rolland (2020), China's Vision for a New World Order. NBR Special Report no. 83
- Endre Szénási (2020), The US-China Trade War and the Emerging New World Order// [https://www.researchgate.net/publication/333614088\\_The\\_US-China\\_Trade\\_War\\_and\\_the\\_Emerging\\_New\\_World\\_Order/link/5cf6d85892851c4dd029ebb3/download](https://www.researchgate.net/publication/333614088_The_US-China_Trade_War_and_the_Emerging_New_World_Order/link/5cf6d85892851c4dd029ebb3/download)
- Henry Kissinger (2015), World Order. Penguin Books. Reprint edition. 432 p.
- Henry Kissinger (2012), On China. Penguin Books. Reprint edition. 624 p.
- Zbigniew Brzezinski (1998), The Grand Chessboard: American Primacy And Its Geostrategic Imperatives. 223 p.
- Zbigniew Brzezinski (2017), How to address strategic insecurity in a turbulent age// [https://www.huffpost.com/entry/us-china-russia-relations\\_b\\_586955dbe4b0de3a08f8e3e0?section=us\\_world](https://www.huffpost.com/entry/us-china-russia-relations_b_586955dbe4b0de3a08f8e3e0?section=us_world)
- Henry Kissinger (2020), The Coronavirus Pandemic Will Forever Alter the World Order// <https://www.wsj.com/articles/the-coronavirus-pandemic-will-forever-alter-the-world-order-11585953005>
- Donald Trump (2020), Trump Criticizes WHO And Threatens To Pull U.S. Funding// <https://www.npr.org/sections/coronavirus-liveupdates/2020/04/07/82924>
- Byung-Chul Han (2020), La emergencia viral y el mundo de mañana// <https://elpais.com/ideas/2020-03-21/la-emergencia-viral-y-el-mundo-de-manana-byung-chul-han-el-filosofo-surcoreano-que-piensa-desde-berlin.html>
- Chinanews (2020), President Xi Jinping Talked with Italian Prime Minister Giuseppe Conte over the Phone // [https://www.fmprc.gov.cn/mfa\\_eng/zxxx\\_662805/t1756887.shtml](https://www.fmprc.gov.cn/mfa_eng/zxxx_662805/t1756887.shtml)
- Mark Minevich (2020), China use coronavirus to pave the way to a new world order?// <https://thehill.com/opinion/international/490816-can-china-use-coronavirus-to-pave-the-way-to-a-new-world-order>